

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды
реттеу агенттігіҚазақстан Республикасының
Табиғи монополияларды реттеу
агенттігінің төрағасының 2007
жылғы 26 маусымдағы N 175-НҚ
Бұйрығы. Қазақстан
Республикасының Әділет
Министрлігінде 2007 жылғы 23
шілдеде Нормативтік құқықтық
кесімдерді мемлекеттік тіркеудің
тізіліміне N 4827 болып енгізілді.Агентство Республики Казахстан по
регулированию естественных монополий

**"Тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) және тарифтік сметаларды
оңайлатылған тәртіппен бекіту ережесін бекіту туралы" Қазақстан
Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау
жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 19 наурыздағы N 80-НҚ
бұйрығына өзгеріс енгізу туралы"**

"Табиғи монополияларды реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының
14-1-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) және тарифтік сметаларды
оңайлатылған тәртіппен бекіту Ережесін бекіту туралы" Қазақстан
Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау
жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 19 наурыздағы N 80-НҚ бұйрығына
(Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу
тізілімінде N 2237 нөмірмен тіркелген, "Ресми газетте" 2003 жылы 17 мамырда N
20 жарияланған, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін
тіркеу тізілімінде N 3517 нөмірмен тіркелген, "Тарифтерді (бағаларды, алым
ставкаларын) және тарифтік сметаларды оңайлатылған тәртіппен бекіту Ережесін
бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және
бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 19 наурыздағы
N 80-НҚ бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан
Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2005 жылғы
28 ақпандағы N 62-НҚ бұйрығымен, Қазақстан Республикасының нормативтік



құқықтық актілерін тіркеу тізілімінде N 4366 нөмірмен тіркелген, "Тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) және тарифтік сметаларды оңайлатылған тәртіппен бекіту Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 19 наурыздағы N 80-НҚ бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының міндетін атқарушының 2006 жылғы 8 тамыздағы N 196-НҚ бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген, "Заң газетінде" 2006 жылы 22 қыркүйектегі N 170 жарияланған), мынадай өзгеріс енгізілсін:

осы бұйрықпен бекітілген Тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) және тарифтік сметаларды оңайлатылған тәртіппен бекіту Ережесінде :

8-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Өтінімнің материалдары тігілуге, нөмірленуге және мөрмен және табиғи монополия субъектісі басшысының қолымен расталуға тиіс. Бұл ретте, ұсынылған қаржы құжаттарына бірінші басшы мен бас бухгалтер не оларды алмастыратын тұлғалар қол қоюға және субъектінің мөрімен расталуға тиіс;"

2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Телекоммуникациялар және аэронавигация саласындағы реттеу мен бақылау департаменті (Е. Ш. Әлиев) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Әкімшілік жұмысы және талдау департаменті (Е.О. Есіркепов) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін:

1) оны бұқаралық ақпарат құралдарында заңнамада белгіленген тәртіппен ресми жариялауды қамтамасыз етсін;

2) оны Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары Н.Ш. Алдабергеновке жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға